

**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің докторанты Саржигитов
Ерик Тортаевичтің «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі»
тақырыбына жазған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік айшықты өрнегімен дараланатын ірі рухани кезеңдердің бірі – жыраулар дәуірі. Бұл кезеңдегі поэзия тек көркемдік құбылыс емес, ұлттық дүниетаным мен тарихи сананың синкретті көрінісі ретінде бағаланады. Жыраулар поэзиясы қазақ халқының өткен тарихының өшпес тірі шежіресі, тарихи дерегі бола отырып, елдің саяси-әлеуметтік өмірінің мәнін, халықтың рухани мұратын көркем тіл арқылы бедерледі. Әсіресе Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Бұқар жырау сияқты тұлғалардың толғауларында елдік идея, ерлік рухы, адамгершілік мұрат және тарихи тағдыр мәселелері философиялық тереңдікпен жырланды. Жыраулық поэзия – халықтың бастан кешкен тарихи кезеңі, қайғы-қасіретінің ғана айғағы емес, сонымен қатар сұлу өлең мен өткір жыр арқылы халықтың рухани қуатын, арман-аңсарын, болашаққа деген сенімін танытатын көркемдік феномен. Жыраулар поэзиясында сөз – эстетикалық құрал ғана емес, қоғамдық ойды бағыттаушы, ұлттық идеяны қалыптастырушы рухани күш саналады.

Ғылыми-педагогикалық тұрғыдан алғанда, жоғары оқу орнында жыраулар поэзиясын оқыту – ұлттық кодты сақтаудың, тарихи сананы қалыптастырудың және көркемдік талғамды тәрбиелеудің маңызды тетігі. Жыраулар шығармашылығы білімгерлердің төл тарихы мен болмыс философиясын, тіл байлығы мен дәстүрлі құндылықтарын терең игеруіне жол аша отырып, олардың ұлттық бірегейлігін нығайтады және көркем мәтінді тану мен ғылыми талдау қабілетін дамытады.

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ұлттық әдеби мұраның маңызды саласы – жыраулар поэзиясының табиғатын терең талдаумен қатар, оны жоғары оқу орнында оқытудың әдіснамалық және әдістемелік негіздерін жүйелі түрде қарастыруымен өзекті.

Қазіргі кезеңде ұлттық рухани құндылықтарды жаңғырту, тарихи жадыны сақтау және әдеби мұраны заманауи білім беру үдерісіне тиімді кіріктіру мәселесі өте маңызды болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, жыраулар поэзиясын ғылыми тұрғыдан зерделеп, оны оқытудың инновациялық, психологиялық, философиялық, педагогикалық тетіктерін ұсыну – уақыт талабына жауап беретін өзекті мәселе.

Зерттеу жұмысында ұлттық әдебиеттану ғылымындағы жыраулар поэзиясы тек тарихи-әдеби мұра ретінде ғана емес, ұлттық дүниетаным мен көркемдік ойлау жүйесінің тұтас феномені сипатында жаңа методологиялық тұрғыдан зерделеніп, оның поэтикалық табиғаты мен идеялық мазмұнындағы дәстүрлі таным мен жаңашыл көркемдік ізденістердің өзара сабақтастығы ғылыми пайымдалған.

Диссертацияның бірінші бөлімінде жыраулар поэзиясының бастау көздері, шығу тарихы мен әлем әдебиетіндегі рөлі жан-жақты қарастырылған. Номадтық «жырау», «жыршы» феноменінің әлем әдебиетіндегі орны айқындалып, қазақ әдебиетіндегі жыраулық поэзияның тарихи-мәдени маңызы сараланған. Сонымен қатар жыраулар поэзиясының зерттелу өрісі жүйеленіп, жыраулық дәстүрдің қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрінісі ғылыми тұрғыда талданған. Жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік идеясының мазмұны терең талданып, оны білім беру үдерісінде меңгертудің ғылыми негіздері ұсынылған. Ізденуші Саржигитов Ерик Тортаевич жыраулар поэзиясын талдауда теориялық ұғымдарды орынды қолданып, мәтіндік талдаулар арқылы тұжырымдарын нақтылай түскен.

Екінші бөлімде жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқытудың әдіснамалық негіздері қарастырылып, философиялық-дидактикалық, психологиялық және педагогикалық ұстанымдары айқындалған. Бұл бөлім зерттеудің әдіснамалық тұғырын айқындап, теория мен практиканы ұштастыра білген. Сонымен қатар автор білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған тиімді оқытудың әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Үшінші бөлімде жыраулар поэзиясын оқытудың нақты әдістемелік жүйесі ұсынылып, «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті және оқыту жүйесі» пәні аясында меңгертудің құрылымдық моделі жасалған. Инновациялық технологияларды пайдалану жолдары мен жасанды интеллект арқылы оқыту жүйесінің ұсынылуы – зерттеудің ғылыми жаңалығының айқын көрсеткіші. Эксперименттік жұмыстардың жүйеленуі мен нәтижелерінің талдануы зерттеу тұжырымдарының негізділігін дәлелдейді. Ұсынылған әдістемелік жүйенің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік деректер арқылы нақты айқындалған.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы жыраулар поэзиясын кешенді түрде талдаумен қатар, оны жоғары оқу орнында оқытудың тұтас әдістемелік жүйесін жасауы және жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үдерісіне кіріктіруімен ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнының филология бағытындағы білім беру бағдарламаларын жетілдіруге, арнайы курстар мен элективті пәндер мазмұнын жаңартуға негіз бола алады. Жұмыстың теориялық тұжырымдары мен практикалық ұсыныстары білім беру саласындағы заманауи талаптарға толық сәйкес келеді.

Жұмыс құрылымы логикалық бірізділікке жүгіндірілген, ғылыми аппарат талапқа сай рәсімделген, тұжырымдары дәйекті және дәлелді. Әдеби-теориялық, педагогикалық, психологиялық, философиялық және оқыту әдістемесіне қатысты еңбектерді орынды пайдаланып, ғылыми пайымдауларын нақты мысалдармен негіздеген. Диссертация мазмұны ғылыми бірізділік пен жүйелілік ұстанымына сай келеді. Ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы жоғары, мазмұны жағынан толыққанды зерттеу саналады. Зерттеу нәтижелері білім беру жүйесінде тиімді қолдануға лайық. Сондықтан аталған диссертациялық жұмыс қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Ізденуші Саржигитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбына жазған диссертациясы ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға сай, стандартты, техникалық талаптар толық сақталған. Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, «6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Саржигитов Ерик Тортаевичтің «Жыраулар поэзиясын жоғары оқу орнында оқыту әдістемесі» тақырыбына жазған диссертациялық жұмыстың ғылыми аппараты дұрыс, толық аяқталған зерттеу, диссертациялық кеңесте қорғауға дайын деп есептеймін.

SDU University профессоры,

педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Б. Жумакаева

